

"Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 38 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қарыз алушы) "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 262 "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамына кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 60000000000 (алпыс миллиард) теңге сомасында бюджеттік кредит (бұдан әрі – кредит) берілсін.

2. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай шарттары айқындалсын:

1) кредит берудің мақсаты агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу болып табылады;

2) кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 2017 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайызға тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша беріледі;

3) қарыз алушының кредитті игеру кезеңі әкімші қарыз алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі шотына қаражат аударған күнінен басталады және 2017 жылғы 1 қарашада аяқталады.

3. Кредитті беру, өтеу және қызмет көрсету жөніндегі қосымша шарттар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және қарыз алушы кредит шартының тараптары болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 4-тармағында көрсетілген кредит шартын жасасуды;

2) кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау мен мониторингтеуді, өтелуі мен оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК